Ескертпе

Мөлшерлегіш бастиекпен, келте құбырмен және құбыр желісімен жұмыс кезінде қорғаныс көзілдіріктерін және қолғаптарын киіңіз!

Назар аударыңыз


Жүріс ұзындығын сорғы қосулы кезде ғана реттеңіз!

Мөлшерлегіш сорғының нөлдік нүктесін зауыттық теңшеу (мөлшерлеу жоқ) 3 бар қарсы қысымда орындалады. 3-қосымшаны көріңіз.

Егер шашырату орнындағы жұмыс қарсы қысымы осы мәннен айтарлықтай ауытқыса, дәлірек мән алу үшін нөлдік нүктені қайта реттеу керек.

1. Сорғыш клапанға деңгейлі түтікті орнатыңыз.
 - Егер осындай түтік болмаса, сорғыш желіні өлшем стаканына салыңыз.
2. Мөлшерлегіш сорғыны іске қосыңыз.
3. Мөлшерлеу ортасы шығынын 15 %-ға орнатыңыз.
4. Резервуар деңгейін басқару датчигін пайдалану кезінде AR блокты сорғылар үшін AR блогынан электрлік датчик ұясын шығарыңыз.
5. Өлшем стаканында немесе түтіктегі жұмыс ортасының деңгейі түсімі тоқтағанша жүріс ұзындығын реттеу тұтқасын баяу бұраңыз (нөлдік белгіге дейін).
6. Жүріс ұзындығын реттеу тұтқасы орнын өзгертусіз шағын бұрағыш көмегімен бітеуішті алып, тегіс спиральді серіппемен цилиндрлік бастиекті бұранданы шешіңіз.
7. Скаладағы нөлдік сызық тұтқадағы белгімен сәйкес келуі үшін реттеу білігіндегі реттегіш тұтқаны абайлап шешіп қайта салыңыз.
8. Серіппе жүктеліп, бірақ құлыптамайтынды болуы үшін цилиндрлік бастиекті бұранданы және спиральді серіппені тартыңыз. Тіпті, 100 %-ға орнатқан кезде реттегіш тұтқа серіппесі жүктеулі қалуы керек.

TM03 6309 4506



17-сур. Нөлдік нүктені теңшеу

11.4 Жиілік түрлендіргішпен жүріс жиілігін реттеу

Егер жиілік түрлендіргіш қосылса, жүріс жиілігі 10–100 % ауқымында реттелуі мүмкін. Жиілік түрлендіргіштің монтаждау және пайдалану нұсқаулығын қараңыз!



Ескертпе
Өндіруші нұсқауларын орындаңыз!
Қосу әрекеті осы нұсқаулыққа сәйкес орындалуы керек.

Grundfos мөлшерлегіш сорғысына пайдаланылатын жиілік түрлендіргішті теңшеу

Жиілік түрлендіргіштің келесі параметрлеріне назар аударыңыз:

- P013 (қозғалтқыштың максималды жиілігі):
 - Жиілік түрлендіргішті максимум 100 Гц деңгейіне орнатыңыз.
 - Теңшеулерге сәйкес сорғы жүрісінің максималды жиілігі артауы мүмкін.
- P086 (қозғалтқыштың шекті тогы):
 - Теңшеулерді әдепкі бойынша өзгертпеңіз (150 %).
 - Қозғалтқыш РТС резисторымен қорғалған. Сәйкесінше, жиілік түрлендіргіштегі осы параметр қарастырылмаған.
- P081-P085 (қозғалтқыш деректері):
 - Осы параметрлерді қозғалтқыштың фирмалық тақтайшасында көрсетілген мәндерге орнатыңыз.
 - Өндіруші нұсқауларын орындаңыз!

11.5 AR басқару модулін пайдалану

AR басқару модулін пайдалану кезінде осы нұсқаулықтан басқа модульді пайдалану және монтаждау нұсқауларын орындаңыз.

TM03 6310 4506

11.6 Жүріс датчигі (электрондық нұсқа)

NAMUR DIN 19 234 стандартына сәйкес орындалған және жүріс туралы сигнализацияға арналған индуктивтік контактісіз екі сымды қосқышты датчик.

(EExia) немесе (EExib) ұшқыннан қауіпсіз схемамен расталған РТВ бөлгіш күштегіштер арқылы қосу кезінде осы датчиктерді жарылғыш орталарда орнатуға болады. Бөлгіш күштейткішке байланысты 1-ге дейінгі жарылғыш санатындағы датчиктерде пайдалану рұқсат етіледі.

Бөлгіш күштейткішке сәйкес сертификатта көрсетілген техникалық сипаттамаларды сақтау керек.

Қуат кернеуі U_B : 7,7-10 В.

11.7 Мембрана үзілісі датчигі


11.7.1 Техникалық сипаттамалар

230 В үлгісі (+10 %/–10 %)

115 В үлгісі (+10 %/–10 %)

- Контакт жүктемесі: 250 В / 6 А, макс. 550 ВА;
- Тұтынатын қуаты: 1,15 ВА;
- Корпустың қорғаныс деңгейі: IP65;
- Рұқсат етілетін температура ауқымы: 0 °С және +40 °С аралығы.

11.7.2 Өлшемдерден тұратын сызба (электрондық жүйе корпусы)



18-сур. Электрондық жүйе корпусы

11.7.3 Жұмыс принципі


Мембрана үзілісі датчигіне дайындалған сорғылар:

- Оптоэлектрондық датчикті салуға арналған мөлшерлегіш бастиектің арнайы фланеці.
- Оптоэлектрондық датчик құрамы:
 - инфрақызыл шығарғыш;
 - инфрақызыл қабылдағыш.

Мембрана үзілісі жағдайында:

- Сұйықтық мөлшерлегіш бастиек фланеціне өтеді.
 - Жарықтың сыну коэффициенті өзгереді.
- Датчик сигнал береді.
 - Электрондық жүйе екі контактімен ауыстырылады. Бұл контактілер апаттық сигнал құрылғысын іске қосуға немесе сорғыны өшіруге пайдаланылуы мүмкін.

TM03 6381 4506



19-сур. Мембрана үзілісі датчигі

11.7.4 Электрондық жүйенің электрлік қосылысы

Ескертпе
Электрлік қосылыстар тек білікті қызметкерлермен орындалуы керек! Қуат кабелі мен реле контактілерін қосу алдында желі қуатын өшіріңіз! Пайдалану орнында қабылданған қауіпсіздік техникасы ережелерін орындаңыз!



Кабель коннекторлары мен ашаларын коррозиядан және ылғалдан қорғаңыз.

Қуат кабелін қосу алдында сорғының зауыттық тақтайшасында көрсетілген қуат кернеуі жергілікті электр жабдығы желісіне сәйкес екендігін тексеріңіз. Дұрыс емес қуат құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін!

Назар аударыңыз

Электромагниттік үйлесімділікті (ЭМУ) қамтамасыз ету үшін кіріс кабельдер мен шығыс ток сигналдары кабельдері экрандалуы керек.

1. Бір жағынан экранды РЕ клеммасына қосыңыз. – Қосу схемасын тексеріңіз!
2. Кіріс кабельдер, шығыс ток сигналдары кабельдері және қуат кабельдері түрлі қораптарға тартылады.
3. Құрылғыны қуатқа қосу схемасына сәйкес қосыңыз.
4. Датчиктен тұратын электрондық жүйені қосу схемасына сәйкес қосыңыз.



Ескертпе
1-контактке, 6-шы және 7-ші клеммаларға желі кернеуі беріледі. 1-контактын қосу алдында қуатты өшіріңіз!

Назар аударыңыз

Осы контактілер үшін қорғаныс тізбегі жоқ. Ауыстыру үшін тек таза белсенді жүктеме рұқсат етіледі. Сорғы қозғалтқыштарын ауыстыру үшін арасына контактор қосылуы керек.

5. 1-ші және 2-ші контактілерді жеке талаптарға сәйкес қосыңыз.

Келесі бөлімді көріңіз: 9. Электр жабдықты қосу.

11.7.5 Шығыс реле

Нұсқау

Шығыс реле қолданысқа және қосылған жетекке байланысты қосылады.


- Индуктивтік жүктемелер (реле және контакторлар) үшін кедергілерді басу талап етіледі.
- Егер бұл мүмкін болмаса, реле контактілерін төменде сипатталған басу тізбектерімен қорғаңыз.

Айнымалы кернеумен

| Ток шегі | C конденсаторы | R резисторы |
|----------|----------------|--------------|
| 60 mA | 10 мкФ, 275 В | 390 Ом, 2 Вт |
| 70 mA | 47 мкФ, 275 В | 22 Ом, 2 Вт |
| 150 mA | 100 мкФ, 275 В | 47 Ом, 2 Вт |
| 1,0 A | 220 мкФ, 275 В | 47 Ом, 2 Вт |

Тұрақты кернеумен

- Тұйықтағыш диодты релеге немесе контакторға параллель қосыңыз.



20-сур. Тұрақты/айнымалы кернеуді басу тізбегі

Назар аударыңыз


Шығыс реле тобын орнында тиісті резеретік сақтандырғышпен қамтамасыз етіңіз

Нұсқау

Қосылыс пайдаланылған жетек түріне байланысты; бұны мысал ретінде пайдалану керек. Жетек құжаттамасын қараңыз.

TM03 6382 4506

TM03 7209 4513



TM03 6385 4506

21-сур. Электрондық жүйенің электрлік қосылысы

11.7.6 Мөлшерлегіш бастиекке датчик бұрау

- Датчикті мөлшерлегіш бастиек (M14 × 1,5) фланецінің төменгі саңылауына бұраңыз.
– Енді мембрананың үзіліс датчик іске қосуға дайын.

11.7.7 Қосу

Назар аударыңыз! *Іске қосу алдында функциялық тексеріс жүргізіңіз!*

Функциялық тексеру

- Датчикті суға түсіріңіз.
– Жасыл және қызыл жарық диодтары жанады. Датчик және электрондық жүйе жұмысқа дайын!
- Бір немесе бірнеше жарық диоды жанбайды: Датчик және электрондық жүйе ақаулы! Grundfos компаниясына хабарласыңыз.
- Абайлаңыз, датчик құрғақ болуы керек.
– Тек жасыл жарық диоды жанады: Датчик және электрондық жүйе жұмысқа дайын!
- Тек қызыл жарық диоды жанады: Датчик және электрондық жүйе ақаулы! Grundfos компаниясына хабарласыңыз.



Ескертпе
Электрондық жүйені немесе датчикті ашпаңыз!
Жөндеу жұмысы тек өкілетті және білікті қызметкерлермен орындалуы керек!

11.7.8 Контактілерді пайдалану

- 6-шы және 7-ші клеммалар (жүктемемен потенциалды)
– мысалы, мембрана үзілісі жағдайында сорғыны өшіруге арналған.

- 8, 9 және 10 клеммалары (кернеуден оқшауланған)
– мысалы, апаттық сигнализация құрылғысын іске қосуға арналған.

11.7.9 Құрылғы сипаттамасы

Электрондық жүйеде жасыл және қызыл жарық диоды (СИД) бар.

- Жасыл жарық диоды:
– жүйе жұмысқа дайын екендігін көрсетеді.
– Осы жарық диоды датчик электрондық жүйеге қосылған кезде ғана жанады. Егер бұл жағдайда жарық диоды жанбаса, датчик немесе кабель ақаулы не дұрыс қосылмаған.
- Қызыл жарық диоды:
– мембрана кемуі анықталғанын көрсетеді.
– Жасыл жарық диоды әлі де қосулы.

11.7.10 Техникалық қызмет көрсету



Ескертпе
Электрондық жүйені немесе датчикті ашпаңыз!
Жөндеу жұмысы тек өкілетті және білікті қызметкерлермен орындалуы керек!

Датчик

Ұзындығы 3 м кабельді оптоэлектрондық датчик.

- Жұмыс мүмкіндігі бұзылған жағдайда датчикті тазалаңыз.
- Егер датчик әлі де дұрыс істемесе, оны ауыстырыңыз.

Электрондық жүйе

- Пайдаланушымен техникалық қызмет көрсету мүмкін емес.
- Егер электрондық жүйесі дұрыс істемесе, Grundfos компаниясына хабарласыңыз.

11.8 Кірістірілген сақтандырғыш клапан

11.8.1 Жұмыс принципі

Кірістірілген сақтандырғыш клапан (опция) мөлшерлеу жүйесінің барлық айдау жағын рұқсат етілмейтін қысым артуынан қорғайды.

Егер қысым жұмыс қысымының орнатылған мәніне жоғары көрсетілсе және мөлшерлегіш орта резервуарға оралатын болса, клапан ашылады.

Орнатылған жүйелі сақтандырғыш клапандарға қарағанда кірістірілген клапан сорғыны ластанудан немесе айдау жағынан ағын клапанының бітелуінен қорғайды.

11.8.2 Рұқсат етілетін орта


Ескертпе

Кірістірілген сақтандырғыш клапанды мөлшерлегіш бастиек абразивті немесе кристалды орталарға пайдаланылмауы керек.



11.8.3 Қосылыс

1. Сорғыш желіні сорғыш клапанға (А) қосыңыз, 22-сур. қараңыз.
2. Айдау желісін айдау клапанына (В) қосыңыз.
3. Ортаны резервуарға немесе тиісті сыйымдылыққа өздігінен ағызу үшін тасу желісін сақтандырғыш клапанға (С) қосыңыз.



22-сур. Кірістірілген сақтандырғыш клапан қосылысы



Ескертпе

Егер тасу желісі сақтандырғыш клапанға сәйкесінше қосылмаса, сорғыны ешқашан қоспаңыз.

11.8.4 Ашу қысымын теңшеу

Жалпы өреже

Егер қысым датчигі сорғы мен келесі ысырма немесе қысымды сақтау клапан арасында орнатылса, ашу қысымын орнатуға болады.



Ескертпе

Сақтандырғыш клапанды теңшеу тек білікті мамандармен орындалуы керек!

Сақтандырғыш клапанның ашу қысымы зауытта техникалық деректерде көрсетілген максималды қарсы қысымға орнатылады. Пайдалану кезінде ашу қысымы өнімділік, сорғының жүріс жиілігі немесе қарсы қысым сияқты факторларға байланысты. Егер дәл мәнді теңшеу талап етілсе, сақтандырғыш клапанды белгілі бір жағдайларға сәйкес реттеу керек.



Ескертпе

Ашу қысымын максималды рұқсат етілетін жұмыс қысымынан төмен орнату керек.

Ескертпе

Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде қауіпсіздік паспортында көрсетілген нұсқауларды орындаңыз!




Мөлшерлегіш бастиекпен, келте құбырмен және құбыр желісімен жұмыс барысында қорғаныс көзілдіріктерін және қолғаптарын киіңіз!

Ашу қысымын теңшеу нұсқаулары

Ашу қысымының зауыттық параметрлерін өзгерту керек кезде келесі әрекеттерді орындаңыз:

Қосулы сорғыда.

1. Сақтандырғыш клапанның үстіңгі жағынан қақпақты шешіңіз.
2. Манометр артындағы ысырманы жабыңыз.
3. Мөлшерлегіш ортаның тасу дыбысын естіп, манометр бойынша ағымдағы ашу қысымы мөнін анықтаңыз.



TM03 6312 4506


23-сур. Ашу қысымын теңшеу

4. Қысымды келесі әдіспен өзгертіңіз:
 - Қысымды арттыру үшін қажетті ашу қысымы орнатылғанша тістеуік көмегімен тұтқаны сағат тілімен бұраңыз.
 - Қысымды төмендету үшін қажетті ашу қысымы орнатылғанша тістеуік көмегімен тұтқаны сағат тіліне қарсы бұраңыз.
5. Манометр артындағы ысырманы ашыңыз.
6. Қақпақты қайта бекітіңіз.

11.8.5 Ауаны шығару

Сонымен қатар, сақтандырғыш клапанды қолмен ашуға болады, бұл оны бір уақытта ауаны шығару клапаны ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Егер ауаны қолмен шығару керек болса (мысалы, іске қосу және реттеу жұмыстары немесе резервуарды ауыстыру кезінде):

- Мөлшерлегіш бастиек шығыңқы орны айналмалы тұтқаның тереңдігі төмендеу кесіндіге тірелетіндей етіп тұтқаны бұраңыз (айналмалы тұтқа мөлшерлегіш бастиектен барынша алыс жылжытылған). Клапан серіппесінен жүк түсіріледі (B орны).
- Сорғыдан ауаны толығымен шығарғаннан кейін тұтқаны «Жұмыс» (A күйі) күйіне кері бұраңыз.



24-сур. Тұтқа орны

11.9 Қызметтік қозғалтқыш (қосымша жабдық)

Қызметтік қозғалтқышты пайдалану үшін қызметтік қозғалтқыштың монтаждау және пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

TM03 6313 4506

12. Техникалық қызмет көрсету

12.1 Жалпы ескертпелер

Ескертпе
 Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде қауіпсіздік паспорттыңда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз!
 Химиялық күйіктер қауіп!
 Мөлшерлегіш бастиекпен, келте құбырмен және құбыр желісімен жұмыс барысында қорғаныс көзілдіріктерін және қолғаптарын киіңіз!
 Сорғыдан химиялық препараттар кемуін болдырмаңыз. Барлық химикаттарды тиісті түрді жинап, қоқысқа тастау керек.



Ескертпе
 Сорғы корпусы Grundfos компаниясымен рұқсат берілген қызметкерлермен ғана ашылуы керек!



Техникалық қызмет көрсету тек білікті мамандармен орындалуы керек!
 Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмысын орындау алдында сорғыны өшіріп, оны қуат блогынан ажыратыңыз!



Тасымалдау немесе тазалау үшін желдету клапанын жабу керек.
 Сорғыны қосу алдында желдету клапанын (шамамен 5 мм) ашыңыз.

12.2 Тазалау және техникалық қызмет көрсету жүйелілігі

12.2.1 Трансмиссиялық майды ауыстыру

Ескертпе
 Майды ауыстыру тек өкілетті білікті мамандармен орындалуы керек!
 Майды ауыстыру үшін Grundfos компаниясының қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе сорғыны жіберіңіз.



Апатсыз үзіліссіз жұмысты қамтамасыз ету үшін майды бес жыл сайын немесе 20000 сағат үздіксіз жұмыстан кейін ауыстыру ұсынылады.

12.2.2 Мембрананы және клапандарды тазалау

Мембрананы және клапандарды тазалап, қажет болғанда ауыстырыңыз (тот баспайтын болаттан жасалған клапандар үшін: клапанның ішкі бөлшектері).


- 12 ай сайын немесе 4000 жұмыс сағаты сайын. 16 бар қарсы қысыммен пайдалану кезінде 6 ай сайын немесе 2000 жұмыс сағатынан кейін, немесе
- бас тартқан жағдайда.

12.3 Сорғыш және айдау клапандарын тазалау

Мүмкіндік болса, мөлшерлегіш бастиекті шайыңыз, мысалы, ішіне су беріңіз.

Егер сорғы өнімділігін жоғалтса, сорғыш және айдау клапандарын келесі әдіспен тазалаңыз:

1. Клапанды шешіңіз.
 - DN 20
Тиісті резьбалы бөлшекті орнынан тістеуік көмегімен шешіңіз.
 - DN 8
Клапанды басумен жинақтан шығарып, клапан орнын шарлы сеператормен шешіңіз.
2. Барлық бөлшектерді тазалаңыз. Ақаулы бөлшектерді жаңаларымен ауыстырыңыз.
3. Клапанды қайта жинаңыз.
4. Тығыздағыш сақинаны жаңасымен ауыстырыңыз. Клапанды орнатыңыз. Клапандағы көрсеткі бағытына назар аударыңыз.



ТМ04 8:384.0911

25-сур. Тот баспайтын болаттан немесе пластмассадан жасалған DN 8 / DN 20 клапаны, * серіппелі (опция)

Бекіткіш сақина арнайы ойығына дәл кіргенін тексеріңіз.

Ағын бағытын бақылаңыз (клапандағы көрсеткіде көрсетілген)!

12.4 Сақтандырғыш клапанға техникалық қызмет көрсету

12.4.1 Тазалау және техникалық қызмет көрсету жүйелілігі

Сақтандырғыш клапанды тазалап, қажет болғанда мембрананы ауыстырыңыз.

- Кемінде 12 ай немесе 8000 жұмыс сағаты сайын.
- Ақаулық жағдайында.

12.4.2 Сақтандырғыш клапан мембранасын ауыстыру

1. Сорғыны өшіріп, қуат блогынан ажыратыңыз.
2. Қарсы ағын жоқтығын және қысым артпағанын тексеріңіз.
3. Сақтандырғыш клапанның үстіңгі жағындағы төрт бұранданы босатыңыз.
4. Сақтандырғыш клапанның үстіңгі жағын шешіңіз.
5. Мембрананы алып тастаңыз.
6. Жаңа мембрана салыңыз.
7. Сақтандырғыш клапанның үстіңгі жағын орнына орнатып, бұрандаларды үсті-үстіне тартыңыз. Максималды айналу моменті: 6 Нм.
8. Мөлшерлеу жүйесін іске қосыңыз.
9. Сақтандырғыш клапанның үстіңгі жағына бұрандаларды 48 сағат үзіліссіз жұмыстан кейін тартыңыз. Максималды айналу моменті: 6 Нм.

12.5 Мембрананы ауыстыру

Назар аударыңыз Жүріс ұзындығын сорғы қосұлы кезде ғана реттеңіз!

Назар аударыңыз Тасымалдау не тазалау үшін желдету клапанын жабу керек.

Нұсқау Мүмкіндік болса, мөлшерлегіш бастиекті шайыңыз, мысалы, ішіне су беріңіз.

12.5.1 Сорғыны қосу

1. Қосұлы сорғыда жүріс ұзындығын реттеу тұтқасын 100%-ға орнатыңыз.
2. Сорғыны өшіріп, қуат блогынан ажыратыңыз.
3. Жүйе қысымын босатыңыз.
4. Жұмыстар жүргізу кезінде мөлшерлегіш ортаны қауіпсіз жинауға арналған тиісті шараларды орындаңыз.

12.5.2 Мембрананы ауыстыру

1. Мөлшерлегіш бастиектің алты бұрандасын босатыңыз.
2. Мөлшерлегіш бастиекті шешіңіз.
3. Желдеткіш қалағын мембрана алдыңғы шеткі нүктесіне жеткенше бұраңыз (мембрана мөлшерлегіш бастиектің фланецінен бөлінеді).
4. Мембрананы сағат тіліне қарсы бұраумен қолмен шешіңіз.
5. Бөлшектерін тексеріп, қажет болғанда жаңаларымен ауыстырыңыз.
6. Жаңа мембрананы соңына дейін бұраңыз. Одан кейін саңылау фланец саңылауымен сәйкестенгенше кері бұраңыз.
7. Желдеткіш қалағын мембрана шеткі нүктесіне жеткенше бұраңыз (мембрана мөлшерлегіш бастиектің фланеціне тартылады).
8. Мөлшерлегіш бастиекті орнына орнатып, бұрандаларды мұқият үсті-үстіне тартыңыз. Максималды айналу моменті: 6 Нм.
9. Мөлшерлегіш бастиектен ауаны шығарып, іске қосу жұмыстарын жүргізіңіз.

Назар аударыңыз

Сорғыны қосу алдында желдету клапанын (шамамен 5 мм) ашыңыз.

Алғашқы қосқаннан кейін және мембрананы ауыстырған сайын мөлшерлегіш бастиектердің бекіту болттарын тартыңыз.

Назар аударыңыз

Мөлшерлегіш бастиектер бұрандаларын 6-10 сағаттан кейін не екі жұмыс күнінен кейін динамометрлік гайка кілтмен диагоналі бойынша тартыңыз. Максималды айналу моменті: 6 Нм.

12.6 Ластанған сорғылар

Назар аударыңыз

Егер сорғы улы немесе улайтын сұйықтықтарды айдауға пайдаланылса, онда бұндай сорғы ластанған болып есептеледі.

Сорғыны Grundfos қызмет көрсету орталығына жіберу алдында қызметкер толығымен жуып, Сорғының қауіпсіздік декларациясын толтырып (4-қосымшаны қараңыз), оны сорғы бумасына көрінетін жеріге тіркеуі керек.

Егер сорғыны жуу мүмкін болмаса, Қауіпсіздік декларациясында айдалатын сұйықтық туралы барлық ақпаратты көрсету керек. Егер жоғарыда көрсетілген талаптар орындалмаса, Grundfos қызмет көрсету орталығы сорғыны қабылдамауы мүмкін.

Сорғыны фирмаға қайтаруға байланысты шығындарға жіберуші жауапты.

13. Істен шығару

Сорғыны тоқтату

Ескертпе

Химиялық күйіктер қаупі! Мөлшерлегіш бастиекпен, қосылыстармен немесе желілермен жұмыс кезінде жеке қорғаныс құралдарын (қолғаптар және көзілдіріктер) пайдаланыңыз! Сорғыдан химиялық препараттар кемуін болдырмаңыз. Барлық химикаттарды тиісті түрді жинап, қоқысқа тастау керек!



Нұсқау

Мүмкіндік болса, сорғыны өшіру алдында мөлшерлегіш бастиекті шайыңыз, мысалы, ішіне су беріңіз.

Өшіру/бөлшектеу

1. Сорғыны өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз.
2. Жүйе қысымын босатыңыз.
3. Төгілетін мөлшерлегіш ортаны қауіпсіз жинау бойынша тиісті шараларды орындаңыз.
4. Барлық желілерді абайлап шешіңіз.
5. Сорғыны демонтаждаңыз.

Өшіру

1. Ортамен байланысқан барлық бөлшектерді мұқият шайыңыз:
 - желілер;
 - клапандар;
 - мөлшерлегіш бастиек;
 - мембрана.
2. Сорғы корпусынан барлық химиялық реагент қалдықтарын жойыңыз.

14. Техникалық сипаттамалар

14.1 Дәлдік

- Мөлшерлеу дәлдігі: 1:10 реттеу ауқымында 1,5 %.
- Қайталану деңгейі: шкаланың шектік мәнінен ± 4 %.
- 1:5 реттеу ауқымы шегіндегі максимумнан минимумға дейінгі жүріс ұзындығын реттеу.

Бұл деректер келесі жағдайларға байланысты:

- мөлшерлегіш орта — су;
- мөлшерлегіш бастиектен барлық ауа шығарылған;
- Grundfos Water Treatment № 0010/0011 мекемесінің стандарттарына сәйкес өлшем;
- стандартты сорғы құрастырылымы.

14.2 Сорғылар өнімділігі

Төмендегі кестедегі деректер келесі жағдайларға байланысты:

- максималды қарсы қысым;
- мөлшерлегіш орта ретіндегі су;
- сорғы 0,5 м с.б. «қюмен» жұмыс істейді;
- мөлшерлегіш бастиектен барлық ауа шығарылған;
- электр жабдық 400 В үш фазалы кернеумен қуатталады.

| Сорғы түрі | Жүріс көлемі V [см³] | 50 Гц | | | 60 Гц | | | | |
|---------------|----------------------------|---------|--------|--|---------|----------------------|-----------|------------------------|--------------------------------------|
| | | Q** | | Макс, р макс,* жүріс жиілігі [л/мин] | Q** | | р макс,** | | Макс, жүріс жиілігі [л/мин] |
| | | [л/сағ] | [бар]* | | [л/сағ] | [АҚШ галлон/ сағ] | [бар]* | [фунт/ шаршы,дюйм]* | |
| DMX4-10 | 2,2 | 4 | 10 | 29 | 5 | 1,3 | 10 | 145 | 35 |
| DMX 7-10 | 3,8 | 7 | 10 | 29 | 8 | 2,1 | 10 | 145 | 35 |
| DMX 9-10 | 4,9 | 9 | 10 | 29 | 11 | 2,9 | 10 | 145 | 35 |
| DMX 12-10 | 6,9 | 12 | 10 | 29 | 14 | 3,7 | 10 | 145 | 35 |
| DMX 17-4 | 10,4 | 17 | 4 | 29 | 20 | 5,3 | 4 | 58 | 35 |
| DMX 25-3 | 16 | 27 | 3 | 29 | 32 | 8,5 | 3 | 43 | 35 |
| DMX 7,2-16** | 1,9 | 7,2 | 16 | 63 | 10 | 2,6 | 16 | 232 | 75 |
| DMX 8-10 | 2,2 | 8 | 10 | 63 | 10 | 2,6 | 10 | 145 | 75 |
| DMX 14-10 | 3,8 | 14 | 10 | 63 | 17 | 4,5 | 10 | 145 | 75 |
| DMX 18-10 | 4,9 | 18 | 10 | 63 | 22 | 5,8 | 10 | 145 | 75 |
| DMX 26-10 | 6,9 | 26 | 10 | 63 | 31 | 8,2 | 10 | 145 | 75 |
| DMX 39-4 | 10,4 | 39 | 4 | 63 | 47 | 12,4 | 4 | 58 | 75 |
| DMX 60-3 | 16 | 60 | 3 | 63 | 72 | 19,0 | 3 | 43 | 75 |
| DMX 13,7-16** | 1,9 | 13,7 | 16 | 120 | 19 | 5,0 | 16 | 232 | 144 |
| DMX 16-10 | 2,2 | 16 | 10 | 120 | 19 | 5,0 | 10 | 145 | 144 |
| DMX 27-10 | 3,8 | 27 | 10 | 120 | 32 | 8,5 | 10 | 145 | 144 |
| DMX 35-10 | 4,9 | 35 | 10 | 120 | 42 | 11,1 | 10 | 145 | 144 |
| DMX 50-10 | 6,9 | 50 | 10 | 120 | 60 | 15,8 | 8 | 116 | 144 |
| DMX 75-4 | 10,4 | 75 | 4 | 120 | 90 | 23,8 | 3,5 | 50 | 144 |
| DMX 115-3 | 16 | 115 | 3 | 120 | 138 | 36,5 | 2,5 | 36 | 144 |

* Максималды қарсы қысым,

** 16 бар қарсы қысымдағы жұмыста мөлшерлегіш бастиек мембранасының қызмет мерзімі қысқартылады,

14.3 Сорғы биіктігі

14.3.1 Суға ұқсас тұтқырлықты орта

Деректер келесі жағдайларға келтірілген:

- 1,5-3 бар ауқымындағы қарсы қысым;
- орта газ шығарғыш және абразивті болып табылмайды;
- температура 20 °С;
- жүріс ұзындығы 100 %.

| Сорғы түрі | 50 Гц | | 60 Гц | | Сорғыш желісінің максималды ұзындығы [м] |
|-------------|---------------------------|----------------------------|---------------------------|----------------------------|--|
| | Сорғыш биіктігі* [м с.б.] | Сорғыш биіктігі** [м с.б.] | Сорғыш биіктігі* [м с.б.] | Сорғыш биіктігі** [м с.б.] | |
| DMX 4-10 | 4 | 4 | 4 | 4 | 5 |
| DMX 7-10 | 4 | 4 | 4 | 4 | 5 |
| DMX 9-10 | 3 | 3 | 3 | 3 | 4 |
| DMX 12-10 | 3 | 2,5 | 3 | 2,5 | 4 |
| DMX 17-4 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 |
| DMX 25-3 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 |
| DMX 7.2-16 | 4 | 3 | 4 | 3 | 5 |
| DMX 8-10 | 4 | 4 | 4 | 4 | 5 |
| DMX 14-10 | 4 | 3 | 4 | 4 | 5 |
| DMX 18-10 | 3 | 3 | 3 | 3 | 4 |
| DMX 26-10 | 3 | 2,5 | 3 | 2,5 | 4 |
| DMX 39-4 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 |
| DMX 60-3 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 |
| DMX 13.7-16 | 4 | 3 | 3,5 | 2,5 | 5 |
| DMX 16-10 | 4 | 3 | 3,5 | 2,5 | 5 |
| DMX 27-10 | 4 | 3 | 3,5 | 2,5 | 5 |
| DMX 35-10 | 3 | 2 | 2,5 | 2 | 4 |
| DMX 50-10 | 3 | 2 | 2,5 | 1,5 | 4 |
| DMX 75-4 | 1 | 1 | 0,5 | 0,5 | 2 |
| DMX 115-3 | 1 | 1 | 0,5 | 0,5 | 2 |

* Сорғыш желісі және мөлшерлегіш бастиек толтырылған (үзіліссіз жұмыс режимі).

** Сорғыш желісі және мөлшерлегіш бастиек толтырылған, бірақ бастиек және клапан ылғалды (қосу кезінде).

14.3.2 Максималды рұқсат етілетін тұтқырлықты орталар үшін сору биіктігі

Бұл деректер келесі жағдайларға келтірілген:

- қалыпты тұтқыр сұйықтық;
- орта газ шығарғыш және абразивті болып табылмайды;
- температура 20 °С.

| Сорғы түрі | Максималды тұтқырлық [МПа с] | Сорғыш биіктігі [м с.б.] |
|-------------|------------------------------|--------------------------|
| DMX 4-10 | 400 | 1 |
| DMX 7-10 | 400 | 1 |
| DMX 9-10 | 200 | 1 |
| DMX 12-10 | 200 | 1 |
| DMX 17-4 | 200 | «су басқан» 1 м с.б. |
| DMX 25-3 | 200 | «су басқан» 1 м с.б. |
| DMX 7.2-16 | 400 | 1 |
| DMX 8-10 | 400 | 1 |
| DMX 14-10 | 400 | 1 |
| DMX 18-10 | 200 | 1 |
| DMX 26-10 | 200 | «су басқан» 1 м с.б. |
| DMX 39-4 | 100 | 1 |
| DMX 60-3 | 100 | 1 |
| DMX 13.7-16 | 200 | 1 |
| DMX 16-10 | 200 | 1 |
| DMX 27-10 | 200 | 1 |
| DMX 35-10 | 100 | 1 |
| DMX 50-10 | 100 | 1 |
| DMX 75-4 | 100 | «су басқан» 1 м с.б. |
| DMX 115-3 | 100 | «су басқан» 1 м с.б. |

14.4 Сыртқы орта және пайдалану жағдайы

- Сыртқы ортаның рұқсат етілетін температурасы: 0 °С және +40 °С аралығы
- Рұқсат етілетін ауа ылғалдылығы: макс. салыстырмалы ылғалдылық: 40 °С температурада 70 %, 35 °С температурада 90 %.

Құрылғыны ашық ауаға орнатпаңыз! Қозғалтқыш корпусы және сорғы қоршаған орта әсерімен зақымдалмағанын тексеріңіз. Электрондық жабдықты сорғылар тек бөлме ішінде пайдаланылуы мүмкін! Ашық ауада орнатпаңыз!

Назар аударыңыз



Ескертпе
Мөлшерлегіш сорғылардың айнымалы ток қозғалтқыштары ыстық болуы мүмкін.
Желдеткіш жабынына дейін кемінде 100 мм бос кеңістік болуы керек!

- Дыбыс қысымы деңгейі: ± 55 дБ(А).
- Минималды қарсы қысым: 1 бар. Осы деректер сорғының ағын айдау клапанына қатысты. Шашырату құрылғысының жолындағы қысым жоғалысына аса назар аударыңыз (қосымша).

AR басқару модулі бар сорғылар ғана

Максималды рұқсат етілетін қуат кедергісі: 0,084 + j 0,084 Ом.

14.5 Мөлшерлегіш орта

Материал беріктігіне және белгілі бір мөлшерлегіш орта үшін DMX 221 сорғысы жарамдылығына қатысты сұрақтарыңыз болса, Grundfos компаниясына хабарласыңыз.

Назар аударыңыз

Мөлшерлегіш орта келесі негізгі сипаттамаларға ие болуы керек:

- сұйық;
- абразивті емес;
- жанбайтын.

14.5.1 Ортаның рұқсат етілетін температурасы

| Мөлшерлегіш бастиек материалы | Температура ауқымы | |
|-------------------------------|----------------------------|----------------------------|
| | p < 10 бар | p < 16 бар |
| PVC | 0 °С және +40 °С аралығы | 0 °С және +20 °С аралығы |
| Тот баспайтын болат* | -10 °С және +70 °С аралығы | -10 °С және +70 °С аралығы |
| PP | 0 °С және +40 °С аралығы | — |
| PVDF | -10 °С және +60 °С аралығы | -10 °С және +20 °С аралығы |
| | 9 бар кезінде 70 °С | |

* SIP/CIP қолдануға арналған: Шамамен 145 °С температурада 2 бар максималды қарсы қысым қысқа уақытқа рұқсат етіледі (15 минут).

Назар аударыңыз

Мөлшерлегіш ортаның қату және қайнау температурасына назар аударыңыз!

14.6 Электрлік деректер

14.6.1 Корпустың қорғаныс деңгейі

Корпустың қорғаныс деңгейі қозғалтқыштың құрастырылым нұсқасына байланысты; қозғалтқыштағы зауыттық тақтайшаны қараңыз. Корпустың қорғаныс деңгейі тек қуат кабелі дәл сондай қорғаныс деңгейімен қосылған кезде қамтамасыз етілуі мүмкін.

Электрондық жүйелі сорғылар: Корпустың қорғаныс деңгейі тек розетка қорғалған жағдайда келеді!

Корпус түріне қатысты деректер дұрыс салынған уялары немесе бұралған қалпақшалары бар сорғыларға қолданылады.

14.6.2 Қозғалтқыш

Қозғалтқыштың фирмалық тақтайшасын қараңыз.

14.7 AR басқару модулі

Электроникасы бар сорғылар функциясы

- функциялық тексеріске және мөлшерлегіш бастиекті деаэрациялауға арналған «continuous operation» (үздіксіз режим);
- жады функциясы (максималды 65000 импульс сақтау);
- екі деңгейлі айдау багінің сигналы (мысалы, Grundfos ұйымының айдау багі датчигі арқылы);
- жүріс сигналы/алдын ала айдау сигналы (реттелетін), мысалы, диспетчерлік орталықтағы кері байланыс ретінде;
- мөлшерлегіш контроллер функциясы (тек датчикпен — қосымша);
- мембрана кемуін анықтау (тек датчикпен — қосымша);
- рұқсат коды бойынша қорғаныс орнату;
- дистанциялық қосу/өшіру;
- Холл датчигі;
- сағат есептегіш;
- қозғалтқышты басқару.

Жұмыс режимдері:

- Қолмен
Жүріс жиілігі: нөлден максимумға дейін қолмен реттеу
- сыртқы басқару
Көбейткіш (1:n) және бөлгіш (n:1);
- ток сигналын басқару 0–20 мА / 4–20 мА.
Жүріс жиілігін реттеу сигнал тогына пропорционал.
Кіріс сигналын масштабтау.

14.7.1 Сигнал кірістері және шығыстары

| Кірістер | |
|---|--------------------------------|
| Контакт тұйықтау сигналы | Максималды жүктеме: 12 В, 5 мА |
| Ток 0-20 мА | Максималды жүктеме: 22 Ом |
| Дистанциялық қосу/өшіру | Максималды жүктеме: 12 В, 5 мА |
| Резервуарды босату сигналы (2 кезең) | Максималды жүктеме: 12 В, 5 мА |
| Мөлшерлегіш контроллер және мембрана үзілісінің датчигі | |

| Шығыстар | |
|------------------------------------|---|
| Ток 0-20 мА | Максималды жүктеме: 350 Ом |
| Қате сигналы | Максималды Ом жүктемесі: 50 В DC / 75 В AC, 0,5 А |
| Жүріс сигналы | Контакт/жүріс ұзақтығы: 200 мс |
| Резервуарды жақында босату сигналы | Максималды Ом жүктемесі: 50 В DC / 75 В AC, 0,5 А |

AR басқару модулінің зауыттық теңшеулері

- Кірістер және шығыстар: NO (қалыпты ашық) немесе
- Кірістер және шығыстар: NC (қалыпты жабық).

14.8 Материалдар

- Корпустың жоғарғы жағы: Полифениленоксидтік құрамдас;
- Корпустың төменгі жағы: полипропилен, шыны талшықпен өрілген.
- АБС шайырының жүріс ұзындығын реттеу тұтқасы.

AR басқару модулінің корпусы

- Корпустың жоғарғы жағы: Полифениленоксидтік құрамдас;
 - Корпустың төменгі жағы: Алюминий.
- Габариттік өлшемдері 2-қосымшада келтірілген.

14.9 Мөлшерлеу диаграммалары

Мөлшерлеу диаграммалары 3-қосымшада келтірілген.

15. Ақаулықтың алдын алу және жою

15.1 Жалпы ескертпелер

Ескертпе
Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде қауіпсіздік паспортында көрсетілген нұсқауларды орындаңыз!



Химиялық күйіктер қауіп!
Мөлшерлегіш бастиекпен, келте құбырмен және құбыр желісімен жұмыс барысында қорғаныс көзілдіріктерін және қолғаптарын киіңіз!
Сорғыдан химиялық препараттар кемуін болдырмаңыз. Барлық химикаттарды тиісті түрді жинап, қоқысқа тастау керек.

Ескертпе
Сорғы корпусы Grundfos компаниясымен рұқсат берілген қызметкерлермен ғана ашылуы керек!



Техникалық қызмет көрсету тек білікті мамандармен орындалуы керек!
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмысын орындау алдында сорғыны өшіріп, оны қуат блогынан ажыратыңыз!

Тасымалдау немесе тазалау үшін желдету клапанын жабу керек.
Сорғыны қосу алдында желдету клапанын (шамамен 5 мм) ашыңыз.

Назар аударыңыз

Ескертпе
Ақаулықтарды жою немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін Grundfos компаниясының қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе сорғыны жіберіңіз.



Сорғыны Grundfos қызмет көрсету орталығына жіберу алдында қызметкер толығымен жуып, Сорғының қауіпсіздік декларациясын толтырып (4-қосымшаны қараңыз), оны сорғы бумасына көрінетін жеріге тіркеуі керек. Келесі бөлімнен «Ластанған сорғылар» пунктін қараңыз:
 12. *Техникалық қызмет көрсету.*

15.2 Іздеу және ақаулықтарды жою

| Ақаулық | Себебі | Жою тәсілі |
|---------------------------------------|---|--|
| 1. Қосарланған сорғы жұмыс істемейді. | a) Желі қуаты қосылмаған. | Қуат кабелін қосыңыз. |
| | b) Дұрыс емес кернеу қуаты. | Мөлшерлегіш сорғыны ауыстырыңыз. |
| | c) Электрлік жүйе ақаулығы. | Мөлшерлегіш сорғыны зауытқа жөндеу үшін қайтарыңыз. |
| | d) Индикатор сорғының бос екендігін көрсетеді. | Себебін жойыңыз. |
| | e) Мембрана үзілісі көрсеткіші іске қосылды. | Мембрананы ауыстырыңыз. |
| 2. Мөлшерлегіш сорғы сормайды. | a) Сорғыш желісіндегі кему. | Сорғыш желіні ауыстырыңыз немесе герметикалаңыз. |
| | b) Сорғыш желісінің тым кішкентай саңылауы немесе тым үлкен ұзындығы. | Grundfos компаниясының техникалық талаптарымен салыстырыңыз. |
| | c) Сорғыш желі бітелген. | Сорғыш желіні шайыңыз немесе ауыстырыңыз. |
| | d) Түтіктің төменгі шетіндегі клапан шөгіндімен жабылған. | Сорғыш желіні жоғары биіктікке қойыңыз. |
| | e) Сорғыш желі өзгертілген. | Сорғыш желіні дұрыстап орнатыңыз. Зақымға тексеріңіз. |
| | f) Клапандарда кристалды шөгінділер жиналуы. | Клапандарды тазалаңыз. |
| | g) Мембрана үзілісі немесе итергіш шығысы. | Мембрананы ауыстырыңыз. |
| 3. Мөлшерлегіш сорғы мөлшерлемейді. | a) Сорғыш магистральдегі және мөлшерлегіш бастиектегі ауа. | Сорғыдан ауаның шығарылуын күтіңіз. |
| | b) Жүріс ұзындығын реттеу тұтқасын нөлге орнатыңыз. | Реттеу тұтқасын арттыру жағына бұраңыз. |
| | c) Тым тұтқыр немесе тым тығыз орта. | Монтажды тексеріңіз. |
| | d) Клапандарда кристалды шөгінділер жиналуы. | Клапандарды тазалаңыз. |
| | e) Клапандар дұрыс жинақталмаған. | Клапанның ішкі бөлшектерін дұрыс жинап, ағын бағытын тексеріңіз. |
| | f) Шашырату орны бітелген. | Ағын бағытын тексеріп, қалқанды жойыңыз. |
| | g) Құбыр желісін және перифериялық жабдықты біліксіз монтаждау. | Қондырғыны герметикаға және дұрыс монтаждауға тексеріңіз. |

| Ақаулық | Себебі | Жою тәсілі |
|--|---|---|
| 4. Мөлшерлеу дәл орындалмайды. | a) Мөлшерлегіш бастиектен ауаны жою толық орындалмады. | Ауаны шығаруды қайталаңыз. |
| | b) Газ шығаратын орта. | Монтажды тексеріңіз. |
| | c) Клапандардың жартылай ластануы немесе тат жиналуы. | Клапандарды тазалаңыз. |
| | d) Нөлдік нүкте теңшеулерін қайта орнату. | Нөлдік нүктені нақты қарсы қысым бойынша реттеңіз. |
| | e) Қарсы қысым тербелісі. | Қысымды сақтау клапанын және пульсация демпферін орнатыңыз. |
| | f) Сорғыш биіктігінің тербелісі. | Тұрақты қысым деңгейін сақтаңыз. |
| | g) Сифон әсері (кіріс қысым қарсы қысымнан жоғары). | Қысымды сақтау клапанын орнатыңыз. |
| | h) Сорғыш немесе айдау желісінің герметикалық еместігі немесе өткізгіштігі. | Сорғыш немесе айдау желісін ауыстырыңыз. |
| | i) Қондырғы бөліктерінің мөлшерлегіш ортаға беріктігі жоқ. | Осы бөлшектерді берік материалдардан жасалған баламаларымен ауыстырыңыз. |
| | j) Мөлшерлегіш мембрана тозуы (бастапқы кезеңде). | Мембрананы ауыстырыңыз. Сонымен қатар, техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқауларды орындаңыз. |
| | k) Желі кернеуінің тербелісі. | Сорғының қарсы қысымын төмендету. |
| 5. Сақтандырғыш клапаннан ортаның тұрақты кемюі. | l) Мөлшерлегіш орта өзгерісі (тығыздық, тұтқырлық). | Концентрацияны тексеріңіз. Қажет болғанда араластырғыш пайдаланыңыз. |
| | a) Айдау желісі бітелген. | Айдау жағындағы мөлшерлеу жүйесін тексеріп, қажет болғанда түзетіңіз. |
| | b) Сақтандырғыш клапанның дұрыс орнатылмауы (өте төмен). | Сақтандырғыш клапанды жоғары ашу қысымына орнатыңыз. |
| | c) Мембрана ақаулығы. | Мембрананы ауыстырыңыз. |
| | d) Сақтандырғыш клапан ластанған. | Сақтандырғыш клапанды тазалаңыз. |

Назар
аударыңыз

Электрондық құрылғылар қатесінің сигналдары туралы қосымша ақпарат тиісті бөлімде көрсетілген.

16. Керек-жарақтар



Grundfos компаниясы мәлшерлеу бойынша кез келген тапсырмаларды шешуге арналған қосымша керек-жарақтарды ұсынады. Керек-жарақтардың толық тізімі Grundfos компаниясының каталогінде немесе ru.grundfos.com/documentation/catalogs.html торабында көрсетілген

17. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro,
Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақташасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское ө/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:
«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское ө/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды.




Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

19. Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат

Grundfos компаниясымен қолданылатын қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы туралы жалпы ақпарат



Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған

| Қаптау материалы | Қаптамалар/қосымша қаптау құралдарының атауы | Қаптамалар/қосымша қаптау құралдарынан дайындалатын материалдың еріптік белгісі | |
|---|---|--|---|
| Қағаз және картон (гофрленген картон, қағаз, басқа картон) | Қораптар/жәшіктер, салымдар, төсемелер, салмалар, торлар, бекіткіштер, толтырма материал |  PAP | |
| Ағаш және ағаштан жасалған материалдар (ағаш, тығын) | Жәшіктер (ағаш талшықты тақталардан жасалған шере және тақтай), табандықтар, торламалар, алынбалы ернеулер, тақталар, бекіткіштер |  FOR | |
| Пластик | (тығыздығы төмен полиэтилен) | Жабындар, қаптар, таспалар, пакеттер, ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер |  LDPE |
| | (тығыздығы жоғары полиэтилен) | Бекіткіш төсемелер (таспалы материалдардан жасалған), оның ішінде ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер, толтырма материал |  HDPE |
| | (полистирол) | Пенопластан жасалған бекіткіш төсемелер |  PS |
| Аралас қаптама (қағаз және картон/пластик) | «Скин» түрлі қаптама |  C/PAP | |

Қаптаманың және/немесе қосымша қаптау құралының таңбалауына назар аударыңыз (қаптамаға/қосымша қаптау құралына белгілейтін өндіруші зауыт).


Қажет болғанда Grundfos компаниясы ресурстарды үнемдеу және экологияны қорғау мақсатында пайдаланылған буманы және/немесе қосымша қаптау құралын қайта пайдалануы мүмкін.

Өндіруші шешімімен қаптама, қосымша қаптау құралы және олардан дайындалған материалдар ауыстырылуы мүмкін. Нақты ақпаратты осы Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулық ішіндегі «Өндіруші Жарамдылық мерзімі» бөлімінде көрсетілген дайын өнімді шығарған өндірушіден сұраңыз. Сұрау кезінде өнім нөмірін және жабдықты өндіруші елді көрсету керек.

Приложение 1.

| Тип насоса | Вес | |
|-------------|--------------------|------------------------------|
| | Пластмасса [кг] | Нержавеющая сталь [кг] |
| DMX4-10 | 5 | 7 |
| DMX 7-10 | 5 | 7 |
| DMX 9-10 | 5 | 7 |
| DMX 12-10 | 5 | 7 |
| DMX 17-4 | 7,5 | 12 |
| DMX 25-3 | 8 | 13 |
| DMX 7.2-16 | 5 | 7 |
| DMX 8-10 | 5 | 7 |
| DMX 14-10 | 5 | 7 |
| DMX 18-10 | 5 | 7 |
| DMX 26-10 | 5 | 7 |
| DMX 39-4 | 7,5 | 12 |
| DMX 60-3 | 8 | 13 |
| DMX 13.7-16 | 5 | 7 |
| DMX 16-10 | 5 | 7 |
| DMX 27-10 | 5 | 7 |
| DMX 35-10 | 5 | 7 |
| DMX 50-10 | 5 | 7 |
| DMX 75-4 | 7,5 | 12 |
| DMX 115-3 | 8 | 13 |

Приложение 2.



TM03 6295 1612

Рис. 26 Габаритный чертёж DMX 221

| Тип насоса | A1 | A2 | A3 | B1 | B2 | B3 | B4 | C1 | C2 | C4 | D1 | D2 | H1 | H2 | H3 |
|-------------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|----|------|----|---------|-----|-----|-----|-----|
| DMX4-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 7-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 7.2-16 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 9-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 12-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 17-4 | 180 | 159 | 323 | 123 | 105 | 175 | 205 | 64 | 10,5 | 38 | R 1 1/4 | 6,5 | 319 | 192 | 177 |
| DMX 25-3 | 180 | 159 | 330 | 123 | 105 | 175 | 205 | 80 | 10,5 | 40 | R 1 1/4 | 6,5 | 319 | 197 | 188 |
| DMX 8-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 13.7-16 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 14-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 18-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 26-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 39-4 | 180 | 159 | 323 | 123 | 105 | 175 | 205 | 64 | 10,5 | 38 | R 1 1/4 | 6,5 | 319 | 192 | 177 |
| DMX 60-3 | 180 | 159 | 330 | 123 | 105 | 175 | 205 | 80 | 10,5 | 40 | R 1 1/4 | 6,5 | 319 | 197 | 188 |
| DMX 16-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 27-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 35-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 50-10 | 180 | 159 | 275 | 123 | 105 | 175 | 205 | 32 | 10,5 | 25 | R 5/8 | 6,5 | 319 | 179 | 153 |
| DMX 75-4 | 180 | 159 | 323 | 123 | 105 | 175 | 205 | 64 | 10,5 | 38 | R 1 1/4 | 6,5 | 319 | 192 | 177 |
| DMX 115-3 | 180 | 159 | 330 | 123 | 105 | 175 | 205 | 80 | 10,5 | 40 | R 1 1/4 | 6,5 | 319 | 197 | 188 |

Размеры в мм.

Приложение 3.

Диаграммы дозирования

На рисунках 27-66 представлены диаграммы дозирования насосов DMX 221. Это применимо для:

- характеристики отдельного насоса (расход удваивается для сдвоенного насоса);
- воды в качестве дозируемой среды;
- всасывающей линии с нижним клапаном, высоты головки всасывающей трубки 0,5 м;
- нулевая точка насоса Q_0 для заданного давления, см. таблицу ниже;
- стандартной версии насоса.

| Сокращения | Описание |
|------------|--|
| Q | Расход дозирования |
| Q_0 | Нулевая точка насоса Насосы откалиброваны таким образом, что $Q = 0$ при 3 бар. |
| h | Длина хода |




Рис. 27 DMX 4-10 (50 Гц)

ТМ03 6316 4506




Рис. 32 DMX 7.2-16 (60 Гц)

ТМ03 6320 4506




Рис. 28 DMX 4-10 (60 Гц)

ТМ03 6316 4506




Рис. 33 DMX 9-10 (50 Гц)

ТМ03 6321 4506




Рис. 29 DMX 7-10 (50 Гц)

ТМ03 6317 4506




Рис. 34 DMX 9-10 (60 Гц)

ТМ03 6322 4506




Рис. 30 DMX 7-10 (60 Гц)

ТМ03 6318 4506




Рис. 35 DMX 12-10 (50 Гц)

ТМ03 6323 4506




Рис. 31 DMX 7.2-16 (50 Гц)

ТМ03 6319 4506




Рис. 36 DMX 12-10 (60 Гц)

ТМ03 6324 4506




Рис. 37 DMX 17-4 (50 Гц)

TM03 6325 4506




Рис. 42 DMX 8-10 (60 Гц)

TM03 6330 4506




Рис. 38 DMX 17-4 (60 Гц)

TM03 6326 4506




Рис. 43 DMX 13.7-16 (50 Гц)

TM03 6331 4506




Рис. 39 DMX 25-3 (50 Гц)

TM03 6327 4506




Рис. 44 DMX 13.7-16 (60 Гц)

TM03 6332 4506




Рис. 40 DMX 25-3 (60 Гц)

TM03 6328 4506




Рис. 45 DMX 14-10 (60 Гц)

TM03 6333 4506




Рис. 41 DMX 8-10 (50 Гц)

TM03 6329 4506




Рис. 46 DMX 14-10 (60 Гц)

TM03 6334 4506




Рис. 47 DMX 18-10 (50 Гц)

ТМ03 63315 4506




Рис. 52 DMX 39-4 (60 Гц)

ТМ03 6340 4506




Рис. 48 DMX 18-10 (60 Гц)

ТМ03 63316 4506




Рис. 53 DMX 60-3 (50 Гц)

ТМ03 6341 4506




Рис. 49 DMX 26-10 (50 Гц)

ТМ03 63317 4506




Рис. 54 DMX 60-3 (60 Гц)

ТМ03 6342 4506




Рис. 50 DMX 26-10 (60 Гц)

ТМ03 63318 4506




Рис. 55 DMX 16-10 (50 Гц)

ТМ03 6343 4506




Рис. 51 DMX 39-4 (50 Гц)

ТМ03 63319 4506




Рис. 56 DMX 16-10 (60 Гц)

ТМ03 6344 4506




Рис. 57 DMX 27-10 (50 Гц)

TM03.6345.4506




Рис. 62 DMX 50-10 (60 Гц)

TM03.6350.4506




Рис. 58 DMX 27-10 (60 Гц)

TM03.6346.4506




Рис. 63 DMX 75-4 (50 Гц)

TM03.6351.4506




Рис. 59 DMX 35-10 (50 Гц)

TM03.6347.4506




Рис. 64 DMX 75-4 (60 Гц)

TM03.6352.4506




Рис. 60 DMX 35-10 (60 Гц)

TM03.6348.4506




Рис. 65 DMX 115-3 (50 Гц)

TM03.6353.4506




Рис. 61 DMX 50-10 (50 Гц)

TM03.6349.4506




Рис. 66 DMX 115-3 (60 Гц)

TM03.6354.4506

Приложение 4.

Декларация о безопасности насоса

Скопируйте, заполните и подпишите этот лист и прикрепите его к упаковке насоса при возврате насоса в ремонт или для проведения технического обслуживания.

Типовое обозначение (см. фирменную табличку) _____

Модель (см. фирменную табличку) _____

Дозируемая среда _____

Описание неисправности

Пожалуйста, отметьте на схеме поврежденные части насоса.

В случае электрической или функциональной неисправности отметьте корпус.



Пожалуйста, кратко опишите ошибку/причину ошибки.

Дозируемая жидкость, возможно, попала в корпус насоса.
 Насос не должен быть подключен к источнику питания! Опасность взрыва!

Настоящим мы заявляем, что насос был очищен и полностью свободен от химических, биологических и радиоактивных веществ.

Дата и подпись

Печать компании

Информация о подтверждении соответствия

RU

Насосы DMX 221 сертифицированы на соответствие требованиям технического регламента «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01118 срок действия до 20.11.2019 г.



Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Принадлежности, комплектующие изделия, запасные части, указанные в сертификате соответствия являются составными частями сертифицированного изделия и должны быть использованы только совместно с ним.

Истра, 21 ноября 2014 г.

KZ

DMX 221 сорғылары «Төмен вольтты жабдық қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес сертификатталған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01118, мерзім соңы: 20.11.2019 ж.

«ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімдерді сертификаттау органымен берілген: «Ивановский Фонд Сертификации» ЖШҚ, аккредитация аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30, 20.06.2014 ж., Федералдық аккредитация органымен берілген, мекенжайы: 153032, Ресей Федерациясы, Ивановская обл., Иваново қ., Станкостроителей көш., 1-үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Сәйкестік сертификатында көрсетілген керек-жарақтар, құрамдас құралдар, қосалқы бөлшектер сертификатталған құралдың құрамдас бөлшектері болып есептеледі және тек сәйкес пайдаланылуы керек.

Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
ул. Авиамоторная, д. 10, корп. 2,
10 этаж, офис XXV.
Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: +7 (495) 564-88-00,
+7 (495) 737-30-00
Факс: +7 (495) 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос
в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казақстан Республикасы,
KZ-050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7
Тел.: +7 (727) 227-98-54
Факс: +7 (727) 239-65-70
E-mail: kazakhstan@grundfos.com

be think innovate

| |
|---------------|
| 98741610 0417 |
|---------------|

| |
|--------------|
| ECM: 1189000 |
|--------------|

© Copyright Grundfos Holding A/S

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

www.grundfos.com

GRUNDFOS 